

Ұзынкөл ауданы әкімдігінің кейбір қаулылары күшін жойды деп тану туралы

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 қаңтардағы № 2 қаулысы "Нормативтік құқықтық актілері туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 40-бабына сәйкес Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұзынкөл ауданы әкімдігінің келесі қаулылары күшін жойды деп танылсын:

1) "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-19-157 тіркелген "Нұрлы жол" аудандық газетінде 2011 жылғы 16 маусымда жарияланған) Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 26 мамырдағы № 145 ;

2) "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-19-178 тіркелген, "Нұрлы жол" аудандық газетінде 2012 жылғы 14 маусымда жарияланған) Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 26 мамырдағы № 145 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2012 жылғы 14 мамырдағы № 137.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Сарсембаев